**Автор**: Жандарбекова Рахила Айтбекқызы
**Пән**: Физика
**Сынып**: 10-сынып
**Бөлім**: Электростатика
**Тақырып**: Электр заряды. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 10.4.1.1 – электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану |
| Сабақ мақсаттары | Электр заряды, денені электрлеу түрлері,зарядтыңбеттік және көлемдік тығыздығы, Кулон заңының мағынасын ашып көрсету, Кулон заңына және электр зарядының сақталу заңына есептер шығару |
| Бағалау критерийлері | Денелердің электрленуіне мысалдар келтіреді;<br>Электр зарядының сақталу заңы және Кулон заңының сипаттайды;<br>Есеп шығаруда Кулон заңын қолданады. |
| Тілдік мақсаттар | **Тілдік мақсаттарды, лексика мен тіркес мысалдарын қоса анықтаңыз**<br>Денелердің электрленуі, электр заряды, Кулон заңы, элементар заряд, янтарь<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>*қазақша* *орысша* *ағылшынша*<br>Электр заряды Электрический заряд Electrical charge<br>Электрлену электризация electrification<br>Оң және теріс заряд Положительный заряд/отрицательный заряд positive charge/negative charge<br>Зарядтардың сақталу заңы Закон сохранения заряда The law of conservation of charge<br>Кулон заңы Закон Кулона Coulomb’s law |
| Құндылықтарды дарыту | Өмір бойы білім алу құндылығын сыни тұрғыдан ойлау арқылы білімге деген құштарлығын қалыптастыру<br>Оқушылар арасында бір-біріне деген құрметті қалыптастыру |
| Пәнаралық байланыстар | Математика, биология,тарих |
| АКТ қолдану дағдылары | www.bilimland.kz, интерактивті тақта |
| Бастапқы білім | 8 сыныпта: Атомның құрылысы. Элементар электр заряды. Денелердің электрленуі. Кулон заңы. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Оқушыларды топқа біріктіру үшін стикерлердегі «+», «-»таңбаларын таңдайды.<br>1-топ «Оң заряд»<br>2- топ «Теріс заряд»<br>Өткен сабақты еске түсіру үшін теориялық сұрақтар қойылады.<br>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін сұрақтар қоямын.<br>• не себепті шашты пластмасса тарақпен тараған кезде олар сол тараққа тартылады?<br>• - не себепті синтетикалық киімді шешкен кезде бір сытырлаған дыбыс естиміз, ал түнде жарқыл көреміз?<br>• -не себепті қонған ұшаққа металл трапты бірден жақындатпайды | стикерлер |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | *www.bilimland.kz* сайтын пайдаланып, жаңа сабақты түсіндіру барысында видеолар көрсету. 5e30683580f8a8.png 5e30683edaf83.png<br>(физика Image not found or type unknown электродинамика Image not found or type unknown электростатика<br>5e30684580c9f.png<br>Image not found or type unknown Электр заряды.Кулон заңы 2 бет)<br>**Топпен жұмыс.**Оқулықтан «Оң заряд» тобы Кулон заңының тұжырымдамасын түсіндіреді. «Теріс заряд» тобы зарядтардың беттік және көлемдік тығыздығы мен бірнеше зарядтың өзара әрекеттесуін түсіндіреді.<br>Тақтадан www.bilimland.kz сайтынан Кулон заңының формуласын шығарып қоямын.<br>(физика -электродинамика-электростатика-Электр заряды.Кулон заңы- 7-бет)<br>**Жұптық жұмыс.** Кітаптан 28- жаттығудың есептерін шығару.<br>Жаңа сабақты бекіту :www.bilimland.kz сайтынан «Оң заряд» тобына :(физика -электродинамика-электростатика-Электр заряды.Кулон заңы- 4 бет-1-ші және 2--жаттығулар)<br>«Теріс заряд» тобына www.bilimland.kz сайтынан<br>(физика -электродинамика-электростатика-Электр заряды.Кулон заңы- 5 бет-1-ші және 2-ші жаттығулар) | www.bilimland.kz<br><br>постерлер<br><br>интерактивті тақта |
| Сабақтың соңы | Рефлексия<br>"Бас бармақ" әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлері туралы бөліседі. | смайликтер |